

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
«Ақ жол» демократиялық
партиясының
Фракция депутаттарына**

2021 жылғы 14 сәуірдегі № ДС-149

Құрметті депутаттар!

Сіздердің жолаушылар автобуспен тасымалдауға қатысты депутаттық сауалды қарап, келесіні хабарлаймыз.

Жолаушылар тасымалын дамыту мақсатында 2018 жылы Автобус тасымалдарын дамытудың 2018 – 2020 жылдарға арналған кешенді бағдарламасы (жол картасы) қабылданды, онда жергілікті атқарушы органдардың әлеуметтік маңызы бар маршруттарды субсидиялауды қамтамасыз етуі,

өңірлердегі автопарктерді отандық өндіріс автобустарымен жаңарту үшін жеңілдікті лизингтік қаржыландыру тетігін енгізу, сондай-ақ автомобиль көлігі саласындағы заңнаманы жетілдіру жөніндегі іс-шаралар көзделген.

Әлеуметтік маңызы бар автобус маршруттарын субсидиялау жергілікті атқарушы органдардың құзыретіне кіреді.

Атап айтқанда, 2018-2020 жылдары жергілікті атқарушы органдары әлеуметтік маңызы бар автобус маршруттарын субсидиялауға 100,5 млрд.тг бөлді (2018 ж. - 17,2 млрд.тг, 2019 ж. - 36,9 млрд.тг, 2020 ж. - 46,4 млрд.тг).

2020 жылы Қалалық жолаушылар тасымалын дамыту жөніндегі шаралар кешені (бұдан әрі – Шаралар кешені) бекітілді, ол жергілікті атқарушы органдарының өңірлерде әлеуметтік маңызы бар автобус маршруттарын толық субсидиялауын қамтамасыз ету бойынша міндетін көздейді.

Ағымдағы жылы Ақтөбе облысын қоспағанда өңірлерде шамамен 58,1 млрд.тг бөлу жоспарлануда.

Бұл ретте, Ақтөбе облысында 29 қалалық маршруттар әлеуметтік маңызы бар қатынастардың тізбесіне енгізілгенін атап өтеміз. Қазіргі уақытта аталған маршруттарда электрондық билеттендіру арқылы жолаушылар ағынының мониторингі жүргізілуде, ол аяқталған соң субсидиялаудың қажетті көлемі анықталатын болады.

Отандық өндіріс автобустарын сатып алу үшін жеңілдікті лизингтік қаржыландыру тетігі енгізілді, соның шеңберінде 2018-2020 жылдары республикалық бюджеттен шамамен 57,2 млрд. теңге бөлінді (2018 ж. - 10 млрд.тг, 2019 ж. - 23,5 млрд.тг, 2020 ж. - 23,7 млрд.тг), олардың есебінен 9 өңірде 1618 бірлік сатып алынды. Ағымдағы жылы осы бағдарлама бойынша 22 млрд.теңге бөлінді, бүгінгі күні 3 өңірде тағы 383 автобус сатып алу жоспарлануда.

2021-2025 жылдар ішінде елдің автобус паркін шамамен 5 мың. бірлікке жанарту жоспарлануда.

Заңсыз жолаушылар тасымалына қарсы күрес мақсатында ағымдағы жылғы 2 қаңтарда «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экономикалық өсуді қалпына келтіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды, оның шеңберінде жолаушылар мен багажды тұрақты емес тасымалдауға тартылған автобустарды спутниктік навигация аппаратурасымен міндетті жабдықтау жөніндегі нормалар көзделген. Бұл онлайн режимінде байланыссыз көліктік бақылауды жүзеге асыруға және авариялық жағдайларға жедел ден қоюға мүмкіндік береді.

Бұл ретте, 2020 жылы қабылданған Шаралар кешені жоғарыда көрсетілген жол картасымен басталған жұмыстың жалғасын көздейді.

Сонымен бірге, мемлекеттік қолдау көрсету үшін әлеуметтік маңызы бар автобус қатынастары 2023 жылғы 1 қаңтарға дейін ҚҚС-тен босатылғанын атап өтеміз. Сондай-ақ, автобус тасымалдарына бөлшек сауда салығының арнайы салық режимі енгізілді, олар үшін 2023 жылғы 1 қаңтарға дейін 3% мөлшерінде ҚҚС белгіленген.

Автобус тасымалдарын одан әрі дамыту бойынша жұмыстар көрсетілген Шаралар кешені аясында жүргізілетін болады.

Жалпы аталған мәселелер Үкіметтің тұрақты бақылауында тұр.

Р. Скляр

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ _____

**Депутатам фракции
Демократической партии
«Ак жол»
Мажилиса Парламента Республики
Казахстан**

На № ДС-149 от 14 апреля 2021 года

Уважаемые депутаты!

Рассмотрев ваш депутатский запрос касательно пассажирских автобусных перевозок, сообщаем следующее.

В целях развития пассажирских перевозок, в 2018 году была принята Комплексная программа (дорожная карта) по развитию автобусных перевозок на 2018 – 2020 годы, в которой были предусмотрены мероприятия по обеспечению местными исполнительными органами субсидирования социально значимых маршрутов, внедрению механизма льготного лизингового финансирования для обновления автопарков в регионах автобусами отечественного производства, а также совершенствованию законодательства в области автомобильного транспорта.

Субсидирование социально значимых автобусных маршрутов входит в компетенцию местных исполнительных органов.

В частности, за 2018-2020 годы местными исполнительными органами на субсидирование социально значимых автобусных маршрутов выделено 100,5 млрд.тг (2018 г. - 17,2 млрд.тг, 2019 г. - 36,9 млрд.тг, 2020 г. - 46,4 млрд.тг).

В 2020 г. был принят Комплекс мер по развитию городских пассажирских перевозок (далее – Комплекс мер), предусматривающий обязательство местных исполнительных органов по обеспечению полноценного субсидирования социально значимых маршрутов в регионах.

В текущем году в регионах планируется выделение порядка 58,1 млрд.тг за исключением Актюбинской области.

При этом отмечаем, что в Актюбинской области 29 городских маршрутов включены в перечень социально значимых сообщений. В настоящее время проводится мониторинг пассажиропотока на данных маршрутах посредством системы электронного билетирования, после завершения которого будет определен необходимый объем субсидирования.

Внедрен механизм льготного лизингового финансирования для закупа автобусов отечественного производства, в рамках которого за 2018-2020 годы из республиканского бюджета выделено порядка 57,2 млрд.тг (2018 г. - 10 млрд.тг, 2019 г. - 23,5 млрд.тг, 2020 г. - 23,7 млрд.тг), за счет которых в 9 регионах приобретено 1618 автобусов. В текущем году по данной программе выделено 22 млрд.тг, на сегодня в 3 регионах планируется закуп еще 383 единиц.

За 2021-2025 годы планируется обновление автобусного парка страны порядка 5 тыс. единиц.

В целях борьбы с нелегальными пассажирскими перевозками 2 января текущего года принят Закон Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам восстановления экономического роста», в рамках которого предусмотрены нормы по обязательному оборудованию аппаратурой спутниковой навигации автобусов, задействованных на нерегулярных перевозках пассажиров и багажа. Это позволит осуществлять бесконтактный транспортный контроль в режиме онлайн и оперативно реагировать на аварийные ситуации.

При этом, принятый в 2020 году Комплекс мер предусматривает продолжение работы, начатой вышеуказанной дорожной картой.

Вместе с тем отмечаем, что для оказания господдержки социально значимые автобусные сообщения освобождены от НДС до 1 января 2023 года. Также введен специальный налоговый режим розничного налога на автобусные перевозки, для которых установлен НДС в размере 3% до 1 января 2023 года.

Дальнейшая работа по развитию автобусных перевозок будет проводиться в рамках указанного Комплекса мер.

В целом данные вопросы находятся на постоянном контроле Правительства.

Р. Скляр